

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
хаттамадан көшірме
2023-2024 оқу жылындағы кезекті №2 Академиялық кеңес шешімдері

10.10.2023 ж. №2

Шымкент қ.

Іс-шара түрі: Университеттің академиялық кеңесінің мәжілісі

Төраға - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор А.А. Кудышева

Хатшы Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы м.а Г.Д.Есентуреева

Қатысқандар: қатысу парағы бойынша

Академиялық кеңес төрағасы, А.А. Кудышева: Қайырлы күн, құрметті академиялық кеңес мүшелері, әріптестер! Бүгінгі академиялық кеңес мәжілісінің күн тәртібінде төрт негізгі және әртүрлі мәселелер қаралады. Күн тәртібіндегі қаралатын негізгі сұрақтар мен әртүрлі мәселелерге, пікір айту мен талқылауларда регламент сақтауларыңызды сұранамын. Құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітуді дауысқа саламын. №2 Академиялық кеңес мәжілісінің

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Күзгі семестрде өтетін пәндердің қорытынды бақылау түрлерін талқылау және бекіту.
2. Білім алушыларды курстан курсқа көшіру туралы.
3. «Platonus» жүйесіндегі пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің жүктелу деңгейі мен сапасын талқылау.
4. 2023 – 2024 оқу жылының күзгі семестрінде болатын емтихан тест сұрақтарының Platonus жүйесіндегі жасақтау туралы.
5. Әр түрлі мәселелер.

1. Бірінші мәселе бойынша шешім:

- Күзгі семестрде өтетін пәндердің қорытынды бақылау түрлері бекітілсін.

2. Екінші мәселе бойынша шешім:

- Факультет декандары білім алушыларды 3 курстан 4 курсқа көшіруде пән қарыздарының болмауын қадағалауды қолға алсын.

3. Үшінші мәселе бойынша шешім:

- «Platonus» жүйесіндегі пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің толық жүктелуі мен сапасын қадағалау кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

4. Төртінші мәселе бойынша шешім:

-2023-2024 оқу жылының күзгі семестрінде болатын емтихандардан тест сұрақтарын ережеге сәйкес дұрыс жасақталып, мерзімінде тест орталығына жауапты оқытушылар өткізсін.

5 Әр түрлі мәселелер бойынша шешімдер:

5.1 1) Кәсіптік практика жетекшілері студенттермен байланыс жасауын жақсарту қажет.

Жауаптылар: факультет декандары және кафедра меңгерушілері

Орындалу мерзімі: академиялық кезеңмен қатар

2) Педагог әдіскерлер мен психолог әдіскерлердің студенттермен байланысын күшейту қажет.

Жауаптылар: “Педагогика” және “Психология” кафедраларының меңгерушілері

Орындалу мерзімі: академиялық кезеңмен қатар

3) Кафедра меңгерушілері практика базаларын анықтауда кедергілерді есепке алу қажет.

Жауаптылар: кафедра меңгерушілері

Орындалу мерзімі: академиялық күнтізбеге сәйкес

5.2 1. Бітіруші курс білім алушыларын сұраныс хат негізінде төмендегі талаптарға сай жағдайда ғана жіберілсін:

1) 20 апталық жүктілік (анықтама);

2) 1 жасқа дейінгі баласының болуы (туу туралы куәлік көшірмесі);

3) Өз білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс жасауы (жұмыс жасайтындығы туралы анықтама).

Жауаптылар: кафедра меңгерушілері

Орындалу мерзімі: академиялық күнтізбеге сәйкес

2. Сұраныс хат негізінде педагогикалық практикаға жіберілетін білім алушылардың құжаттарының (үш жақты келісім шарт, сұраныс хат, дәлелдеме құжаттар) дұрыстығы және сәйкестігі қадағалансын.

Жауаптылар: факультет декандары және кафедра меңгерушілері

Орындалу мерзімі: академиялық күнтізбеге сәйкес

5.3 - Университет оқытушы-профессорларының баспадан шығаруға ұсынылған оқу құралдары және оқу-әдістемелік құралдары баспаға ұсынылсын.

5.4 - Coursera курстарынынан өтіп жатқан білім алушылар арасында академиялық адалдықтың сақталуын қадағалау жауапты оқытушыларға жүктелсін.

Шешімдер мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс

Хатшы

Г.Д.Есентуреева